

Байкерлер - балалар үйінде

«Еңбек. Отбасы. Жайлылық» айлығының шеңберінде «Үміт» балалар үйінде Екібастұз қаласында мотомаусымның жабылуына байланысты жастардың байкерлік шоу-бағдарламасы өтті.

«Үміт» балалар үйі байкерлерді бірінші рет қабылдап отырған жоқ, сондықтан да балалар өздерінің ескі таныстарын көргенде қатты қуанды. Үш сағат бойы балалар үйінің алаңы күлкі мен әзілге толы болды. Көңілді іс-шараға жақын маңда орналасқан үйлердің ересектері мен балалары да жиналды. Түрлі-түсті күртелер мен шлемдер, жалаулар, үлкен де қуатты байкалар, кішкентай мопедтер, спорттық және кростық мотоциклдер, әр түрлі техникалар мерекеге қатысушыларды таң қалдырды.

Бағдарлама барысында үздік тюнинг, байкадағы үздік сурет, үздік газ басушы, үздік дабыл беруші, т.б. қызықты сайыстар да ұйымдастырылды.

Балалар әр мотоциклшіні ду қол шапалақтап, патриоттық ұрандармен қарсы алды. Акцияға қатысушы Нұрлан Мұсабаев «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне тілек

білдіре келе, «Байка – бұл тек жылдамдық қана емес, батылдық, өз-өзін жетілдіру, өзіне сенімді болу, бір сөзбен айтқанда - өмір сүру салты. Байкер болу үшін жақсылық жасауға, айналаңдағы адамдарға қуаныш сыйлауға ұмытылуың керек», - деді. Балаларға салтанатты түрде Екібастұз қаласы мотоциклубының жалаулары табыс етілді. Бағдарламаның ресми бөлігі аяқталған соң байкерлер балаларға тәттілер

үлестіріп, бірге шай ішті. Ал балалар үшін ең қызықтысы топтың музыкалық сәлемі мен мотоциклмен саяхат болды. Балалар үйінің барлық тәрбиеленушілері атынан Павлодар қаласының «Га-



раж» мотоциклубына, Екібастұз қаласының «Легенда» мотоциклубына, Майқайың және Шідерті кенттерінің байкерлеріне алғыс жолдаймыз.

А.Төкей,
«Үміт» балалар үйі